



27-01/2 03.12.2024



**БЕКІТЕМІН  
«ОҚМА» АҚ ректоры  
Сейтжанова Ж.С.  
2024 ж.**

**PhD ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**E 334 - 2024**

Күні	Көшірмесі	Басылым
		Үшінші

**Шымкент**

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 2 беті
PhD докторантуралық туралы ереже	

**1 «ОҚМА» АҚ Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗДІ.**

**2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ**

Тексеру жиілігі – 3 жыл

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 3 беті
PhD докторантурға туралы ереже	

## МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	8
4. ДОКТОРАНТУРА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ .....	9
5. ДОКТОРАНТУРАДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҮЙІМДАСТЫРУ .....	11
6. ДОКТОРАНТАРДЫ АҒЫМДАФЫ БАҚЫЛАУДЫ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ҮЙІМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ .....	26
7. ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD) ДӘРЕЖЕСІН БЕРУ ТӘРТІБІ.....	28
8. ДОКТОРАНТТЫ ДАЯРЛАУ ДЕНГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	31
9. ДОКТОРАНТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	32
10. ДОКТОРАНТУРАНЫ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	33

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 4 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

## **1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қантарынан № 4 бұйрығы;
- «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылды 31 наурыздағы № 126 бұйрығы;
- «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ басқа да ішкі нормативтік құжаттары.

## **2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

Осы ережеде мынадай терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,

БП – базалық пәндер,

ЖК – жоғары оқу орны компоненті,

ЖОО – жоғары оқу орны,

МЖМС – мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт,

ҚАК – қорытынды аттестаттау комиссиясы,

ЖОЖ – жеке оқу жоспары,

ТК – таңдау компоненті,

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 5 беті
PhD докторантуралық туралы ереже	

ДСМ – Денсаулық сақтау министрлігі,  
ДФЗЖ – докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы,  
ГЖБМ – Ғылым және жоғары білім министрлігі,  
ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді үйімдастыру,  
ББ – білім беру бағдарламасы,  
БП – бейіндік пәндер,  
ҚР – Қазақстан Республикасы,  
ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары,  
ДӘЖ – докторанттың өзіндік жұмысы,  
ДОӘЖ – докторанттың оқытушымен өзіндік жұмысы,  
ФКЖДжМБ – Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы.

**Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ)** – бұл ақпаратты сақтауға, беруге және өндеуге байланысты қызметті автоматтандыруға арналған бағдарламалық-аппараттық құралдардың жиынтығы.

**Академиялық кезең** – семестр түріндегі кредиттік оқыту технологиясымен теориялық оқыту кезеңі.

**Академиялық қарыз** – оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктерінің тарихында оқытылмаған пәндердің немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз бағаланатын пәндердің болуы.

**Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

**Академиялық деңгей** - қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын менгерген білім алушыларға білім беру үйімдары тағайындастырын дәреже.

**Апелляция** – білім алушы білімін объективті бағалау жағдайларын анықтау және жою мақсатында жүзеге асырылатын рәсім.

**Аттестаттау комиссиясы** – ректордың бұйрығы бойынша құрылған, мамандық бейіні бойынша ПОҚ-ның жетекші өкілдерінен тұратын, ҚР ГЖБМ бекіткен университеттің оқытушысы немесе қызметкері болып табылмайтын тұлғаның төрағалығымен білім алушыларды қорытынды аттестаттауды жүзеге асыратын комиссия.

**Базалық пәндер** – кез-келген дайындық бағдарламасы аясында оқушы міндетті түрде оқуы керек оқу пәндері.

**Практика базалары** – білім алушылардың кәсіптік практикасы өткізілетін ЖОО-ның кәсіпорындары, үйімдары, мекемелері, оқу орындары ғылыми институттар мен орталықтары немесе жеке құрылымдық бөлімшелері.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 6 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

**ЖОО компоненті (бұдан әрі - ШҚ)** – білім беру бағдарламасын менгеру үшін ЖЖОКБҰ дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.

**Бітіруші кафедра** – даярлық бағыты бойынша білім беру процесінің толық циклін үйлестіретін, практиканан өту, магистрлік диссертация/жобаларды орындау және дайындық бағыты бойынша докторанттарды аралық және қорытынды аттестаттаудың өзге де нысандары үшін жағдайларды қамтамасыз ететін кафедра.

**Диссертациялық кеңестер** – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жаңындағы алқалы органдар.

**Философия докторы (PhD)** – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантурға бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

**Докторантурға** - білім беру бағдарламалары тиісті даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде менгерге отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

**Докторлық диссертация** - докторанттың дербес зерттеуі болып табылатын ғылыми жұмысы, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми мәселе шешілген, немесе енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған.

**Оқу пәніне жазылу-білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.**

**Шетелдік ғылыми практика** – докторанттардың білім беру бағдарламаларының білім алушыларының шетелдік білім беру және ғылым ұйымдарына диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарын орындау мақсатында оқу және/немесе материал жинау үшін шығуы.

**Докторанттың жеке жұмыс жоспары** – білім алушылардың докторантуралың білім беру бағдарламасын менгеруінің оқу (Теориялық оқыту) және зерттеу (ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы) траекториясын көрсететін құжат.

**Жеке оқу жоспары** – докторанттың оқу бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде ғылыми жетекшінің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын докторанттың оқу жоспары.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы	E 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 7 беті
PhD докторантуралық туралы ереже	

**Зерттеу практикасы** – отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, тәжірибелік деректерді өндөу және интерпретациялаумен танысу, сондай-ақ оларды диссертациялық зерттеуде қолданудың практикалық дағдыларын бекіту мақсатында докторантуралық білім алушыларының кәсіби тәжірибесінің түрі.

**Таңдау компоненті** – білім беру бағдарламасын игеру үшін ұйым дербес айқындастырын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

**Кредит** – білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

**Кредиттік оқыту технологиясы** – академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

**Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы** – университете білікті мамандарды дайындаудың міндетті, ажырамас бөлігі.

**Ғылыми көнешші** – білім алушының басшылығымен бітіру жұмысын докторлық диссертацияны орындау жүзеге асырылатын докторанттың академиялық тәлімгері.

**Білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асырудың жолдары мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас жиынтығы.

**Постреквизиттер** – осы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін алынған білім, білік және дағдыларды талап ететін пәндер.

**Өндірістік практика** – білім алушылардың жоғарғы оқу орнында негізгі (базалық) және бейіндеуші пәндер циклдары бойынша алған теориялық білімдерін маман ретінде тәжірибелік түрде қызметін атқару арқылы бекітуге, практикалық дағдыларды игеруге, болашақ мамандығы бойынша кәсіби және ұйымдастыру жұмысындағы озық тәжірибелерде менгеруге бағытталған кәсіби практиканың түрі.

**Білім алушыларды аралық аттестаттау** – білім алушылардың бір оқу пәнін оны зерделеп бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын менгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**Пререквизиттер** – оқытылатын пәнді менгеру үшін қажетті білім, қабілет және дағдыларды қамтитын пәндер.

**Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ)** – білім беру бағдарламасы мен магистранттардың жеке оқу жоспары негізінде «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі- «ОКМА» АҚ) өз бетінше әзірлейтін оқу құжаты.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 8 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

**Силлабус** – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйрену тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімін көрсететін пәннің оқу бағдарламасы.

**Транскрипт** – менгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат.

**Емтихан комиссиясы** – мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін университет ректорының бұйрығымен құрылған комиссия.

**Элективті пәндер** – белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде жоғары оқу орнының компонентіне және тандау компонентіне кіретін және білім беру үйимдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және нақты өнірдің қажеттілігін ескеретін, жоғары оқу орнының ғылыми мектептері қалыптасқан оқу пәндері.

### 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Ереже «ОҚМА» АҚ кредиттік оқыту технологиясы шеңберінде докторантуралық білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

3.2 Ереже докторантуралық мамандарды даярлаудың өмірлік цикліне тартылған барлық құрылымдық бөлімшелер (кафедралар, қаржы және ғылыми бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті.

3.3 Философия докторларын (PhD) даярлаудың негізгі міндеттері:

- толық және сапалы білім алу, кәсіби құзыреттілік, медицина және денсаулық сақтау саласындағы ғылымның өзекті бағыттары бойынша мамандардың теориялық және жеке практикалық дайындығын терендету;

- кәсіби қызмет саласындағы мәселелер мен міндеттерді тиімді шешуге және медицина мен денсаулық сақтау саласындағы XXI ғасыр талаптарын шешуге қабілетті жаңа буын мамандарын даярлау;

- дайындалған мамандардың медицина және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-тәжірибелік бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуде жетекші орындарды иеленуі үшін жеткілікті болатын білім мен дағдылар деңгейіне қол жеткізу;

- оқу және ғылыми-зерттеу қызметі арасындағы оңтайлы тендерімді қамтамасыз ету, медицина мен денсаулық сақтаудың белгілі бір саласында кең ғылыми, практикалық және әдістемелік дайындықты алу.

Осы міндеттерге қол жеткізудің негізінде докторанттардың базалық және бейіндік пәндер бойынша қажетті білім мен құзыреттерді игеруі, кәсіби

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 9 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

(педагогикалық, зерттеу) практикадан өту және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру жатыр.

3.4 Докторантуралың ББ іске асырылуын қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық бірлік бітіруші кафедра болып табылады. «ОҚМА» АҚ деңгейінде докторантуралың білім беру процесін іске асыруды үйлестіруді және бақылауды ФКЖДжМБ жүзеге асырады.

3.5 Докторантуралың ББ-ны іске асыру бітіруші кафедралардың ғылыми зерттеулерінің тақырыбын ескере отырып жүзеге асырылады.

3.6 Философия докторларын даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы шенберінде жүзеге асырылады, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ мен білім беру қызметтеріне тапсырыс беруші арасында жасалатын ақылы оқыту шарты негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **4. ДОКТОРАНТУРА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМУНЫ**

4.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру процесін іске асыру ұлттық біліктілік шенберіне, кәсіптік стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шенберіне сәйкес жүзеге асырылады.

4.2 Докторантуралың бітіруші кафедралар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Білім беру саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірлейді. денсаулық сақтау» және «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді. Докторантуралың арналған ББ ғылыми-педагогикалық бағытта әзірленген. ББ әзірлеу «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен рәсімдері туралы ереже» сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 Докторантуралың ББ әзірлеу мен іске асыруды білім беру процесінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартына және білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болатын бітіруші кафедра жүзеге асырады.

4.4 Докторантуралың ББ-сын ФКЖДжМБ-мен бірлесіп жүзеге асыратын бітіруші кафедра мыналарды қамтамасыз етуі керек:

- тиісті ББ бойынша шетелдік ғалымдармен келісімдердің болуы;
- ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған шарттардың болуы;
- аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) докторантуралың іске асыратын ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы;

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 10 беті
PhD докторантурға туралы ереже	

- практика базасы ретінде белгіленген ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдаған өту үшін келісімдердің болуы.

4.5 Докторантурға ББ құрамында білім беру мазмұнын анықтайтын әртүрлі жұмыс түрлерінен құралған тең мәнді оқу және ғылыми/зерттеу компоненттері бар. Білім алушылардың оқу және ғылыми жұмыстарының еңбек сыйымдылығы игерілген материал санымен анықталады және кредиттермен өлшенеді.

4.6 Докторантурға ББ мазмұны мыналарды қамтиды:

- БП және БнП циклін зерттеуді қамтитын теориялық оқыту;
- докторанттар үшін практикалық сабактар: тәжірибелін әртүрлі түрлері, ғылыми тағылымдаштар;
- ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде докторлық диссертацияны аяқтау;
- аралық және қорытынды аттестаттау.

4.7 Докторантурға ББ ғылыми компоненті ДФЗЖ-нан, ғылыми жарияланымдардан, философия докторы дәрежесін алу үшін докторлық диссертация жазудан және қорғаудан қалыптастырылады.

4.8 Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДФЗЖ-га қойылатын талаптар:

1) докторлық диссертация қорғалатын докторантурға ББ негізгі проблематикасына сәйкестігі;

2) өзекті және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамтиды;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделген;

4) компьютерлік технологияны қолдану арқылы мәліметтерді өндөу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделген;

5) заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы орындалады;

6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

4.9 Жыл сайын оқу жылдарының соңында докторант жеке жұмыс жоспарын орындау үшін академиялық аттестациядан өтеді.

4.10 Докторлық диссертацияны орындау ДФЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

ДФЗЖ қорытынды қорытындысы докторлық диссертация болып табылады.

4.11. Докторантуралық академиялық күнтізбесін ОӘО өзірлейді, оны ректор бекітеді және жаңа оқу жылды басталғанға дейін 1 айдан кешіктірмей ФКЖДжМБ докторанттарға хабарлайды.

4.12 Докторантурға ББ модульдік оқыту қағидаты бойынша құрылымдалады.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 11 беті
PhD докторантуралық туралы ереже	

4.13 Оқу жүктемесі докторантуралық оқу пәнін, модулін немесе бүкіл ББ оқу үшін талап етілетін және докторантуралық ББ-да белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

4.14 Академиялық және бақылау кезеңдерін, практикалар мен каникулдар кезеңдерін, сондай-ақ оқу жылы шеңберінде ұйымдастыруышылық іс-шаралар кезеңдерін ұйымдастыру мерзімдері докторантуралық академиялық күнтізбесінде көрсетіледі.

## 5. ДОКТОРАНТУРАДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРУ

### 5.1 Докторантурада оқу процесін ұйымдастыру.

5.1.1 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, ол «ОҚМА» АҚ ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі. Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішінде аудиториялық сабактарды, аралық және қорытынды аттестаттауларды, практикаларды, тағылымдамаларды, ғылыми-зерттеу және докторант жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) көрсетіледі. Бір академиялық кезеңнің ұзақтығы-15 апта. Әрбір академиялық кезең аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады. Аралық аттестаттаудың (қорытынды бақылаудың) ұзақтығы кемінде 2 аптаны құрайды. Демалыс оқу жылы ішінде білім алушыларға кемінде 2 рет беріледі, бітіру курсын қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

5.1.2 Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін зерделеу және басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың өз жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында міндettі түрде қайта есептей отырып, кредиттерді игеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта (бір аптада 2 кредит) бітіру курсын қоспағанда, жазғы семестр ұйымдастырылады, сабактас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде игеру.

5.1.3 Докторантуралық ББ менгеруі білім алушының аудиториялық (байланыс) және аудиториядан тыс (дербес) жұмысы нысанында жүзеге асырылады. Теориялық оқыту бойынша аудиториялық жұмыстың әр сағаты білім алушының 2 сағаттық өзіндік жұмыссымен бірге жүреді.

5.1.4 Докторанттардың оқу және бақылау кезеңіндегі аудиториялық жұмысының мерзімі, орны және ұзақтығы, сондай-ақ тәжірибе кезеңі Бірінші проректор бекітетін кестелермен жүзеге асырылады. Оқу сабактарының, педагогикалық практиканың, аралық және қорытынды аттестацияның кестелерін дайындауды ОЭО жүзеге асырады. ФКЖДжМБ докторанттар мен докторантуралық профессорлық-оқытушылық құрамын оқу сабактары мен

<p>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы</p>	<p>E 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 12 беті</p>
<p>PhD докторантурға туралы ереже</p>	

педагогикалық практиканың кестесін академиялық кезең басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей, аралық және қорытынды аттестаттау кестесі туралы – емтихан басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей хабарлайды.

5.1.5 Докторантурға ББ ПОҚ-ның дербес жұмысты орындауға байланысты мәселелер бойынша докторанттардың зерттеу жұмысы бойынша кеңес алуды түріндегі педагогикалық жүктемесі оның дербес жұмысының бүкіл көлеміне бөлінетін жалпы сағат санының кемінде 25-30 пайзызы көлемінде жоспарлануы тиіс. Докторанттардың өздік жұмыс тапсырмаларын орындау бойынша кеңес беру сағаттарын кафедра жасайды.

5.1.6 Докторанттарға Platonus АИС жүйесінде онлайн тіркелуден кейін теориялық оқыту курсы бойынша оқу сабактарына қатысуға рұқсат етіледі.

5.1.7 Оқудың 1 семестріндегі пәндер бойынша тіркелуге рұқсат алу үшін негіз болып табылады:

- білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық;
- семестрге ақы төлеу (шарттық оқыту кезінде).

Оқытудың кейінгі семестрлерінің пәндеріне, сондай-ақ пәндерді қайта оқуға тіркеуге қол жеткізу үшін негіз болып табылады:

- қажетті пререквизиттерді менгеру;
- семестрге төлем (шарттық оқыту кезінде);
- пәнді қайта оқытқаны үшін төлем (академиялық қарыз).

Оқудың 1 курсының докторанттары үшін 29 тамыздан, 2 және 3 курстағы докторанттар үшін 15 тамыздан кешіктірілмей тіркеу мерзімі. Пәнді қайталап оқуды докторант тек келесі академиялық кезеңде ақылы негізде жүзеге асырады.

5.1.8 ҒКЖДжМБ докторанттарды оқу сабактарына қатысу үшін уақытылы тіркеуге жауапты. Пәндер бойынша докторанттарды тіркеу ағымдағы академиялық кезеңге оқу сабактарының кестесін құруға негіз болып табылады.

5.1.9 Оқудың барлық курсарының докторанттары үшін оқу сабактарына қатысу үшін «Platonus» ААЖ бойынша пәндерді тіркеу оқудың 1 семестрінің басынан бастап алғашқы екі апта ішінде жүзеге асырылады.

5.1.10 Докторанттарды оқудың екінші және одан кейінгі семестрлерінде сабакқа қатысу үшін тіркеу ЖОЖ негізінде жүзеге асырылады.

## 5.2 Бағдарламаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

5.2.1 Теориялық оқыту докторантурға ББ жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және ЖК және ТК, практиканы қамтитын БП және БнП циклдарынан тұрады. Бұл ретте БП мен БнП көлемінің арақатынасын «ОҚМА» АҚ дербес айқындаиды.

5.2.2 ЖК және ТК пәндерінің тізбесін «ОҚМА» АҚ дербес анықтайады. Бұл еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің сұранысын, докторанттардың қажеттіліктері мен мұдделерін ескереді.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 13 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

Пәндер мен модульдер бағдарламалары, әдетте, бірқатар білім салаларының қызылсызында кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көпсалалы сипатқа ие.

5.2.3 Бір оқу жыларының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бір оқу жыларындағы 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті игереді.

Бір академиялық несие 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

5.2.4 5.2.3-тармақта көрсетілген оқу жүктемесі типтік оқу жүктемесін білдіреді. Докторант семестрде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын игереді. Докторанттардың жекелеген санаттары үшін оқыту нысаны мен технологияларына байланысты оқыту нәтижелеріне қол жеткізуудің нақты уақыты әр түрлі болуы мүмкін және оны "ОҚМА" АҚ дербес есептейді.

5.2.5 Философия докторларын (PhD) даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

5.2.6 Докторантурасы ББ-ны мерзімінен бұрын игеру және диссертацияны сәтті қорғау кезінде докторантқа оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) дәрежесі беріледі.

5.2.7 PhD докторантурасында кадрлар даярлау магистратура және резидентура ББ базасында жүзеге асырылады. Оқуға түскен кезде және ББ бейіні магистратура бағдарламасына сәйкес келсе, алдыңғы білім деңгейінің оқу нәтижелері автоматты түрде танылады; егер докторантурасы ББ бейіні магистратура бағдарламасына сәйкес келмесе немесе резидентура ББ аяқтаған кезде докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

Қажетті пререквизиттердің тізбесін және оларды игеру мерзімдерін «ОҚМА» АҚ дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Бейіні бойынша магистр PhD докторантурасында түскен кезде оған ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейіні бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі ББ үшін пререквизиттерді қосымша белгілейді.

5.2.8 Философия докторын (PhD) дайындауға арналған ББ ғылыми-педагогикалық бағытты ұстанады және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі үшін іргелі оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу дайындығын және ғылымның тиісті салаларындағы пәндердің тереңдетіп оқытууды көздейді.

5.2.9 ББ докторантурасында оқу бағдарламаларын іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың тәжірибесін зерделеу негізінде өзірленеді.

5.2.10 Докторантурасында оқу сабактары ең алдымен заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, белсенді шығармашылық нысандарда

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 14 беті
PhD докторантурға туралы ереже	

(кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, дебаттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б.) жүргізілуі керек.

5.2.11 Докторантурада оку үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету үшін бітіруші кафедра және ФКЖДжМБ жауапты. Эрбір докторантурға ББ үшін бітіруші кафедрамен әзірленеді:

- элективті пәндер каталогы;
- пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, оның ішінде ОЖЖ және силлабустар;
- докторанттардың өздік жұмысына арналған материалдар: тесттер, тапсырмалар тізбесі, әрбір пән (модуль) бойынша өзін-өзі бақылау материалдары, ДӨЖ, ДОӨЖ тақырыптары бойынша міндettі және қосымша әдебиеттер тізімі;
- білімді бақылауды жүзеге асыруға арналған материалдар: жазбаша бақылау тапсырмалары мен тесттер, емтихан билеттері, іскерлік ойындар, тренингтер схемалары, пікірталастардың, дөңгелек үстелдердің тақырыптық сұрақтары, ДӨЖ және ДОӨЖ қабылдау кестелері;
- практикаларды өткізуге арналған материалдар: практикалардың жоспарлары мен бағдарламалары, есепті құжаттардың нысандары;

5.2.12 ФКЖДжМБ және бітіруші кафедралар докторантураларын өзінде беру процесіне неғұрлым жоғары білікті оқытушылар мен ғалымдарды тартады, сондай-ақ мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында докторларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша кеңесшілер ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік үйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасуды үйымдастырады. ФКЖДжМБ және бітіруші кафедралар докторантураларын ББ тәжірибелер базасымен қамтамасыз етеді және стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық басқармасымен бірлесіп докторанттардың академиялық үтқырлық бағдарламаларын іске асыру үшін жағдай жасайды.

### 5.3 Докторанттарға ғылыми жетекшіні тағайындау.

5.3.1 Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға докторанттарға ғылыми жетекшілікті кемінде 2 адамнан тұратын кеңесшілер жүзеге асырады, олардың бірі-шетелдік ЖЖОКБҰ ғалымы.

Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

Ғылыми жетекшілікті ғылыми дәрежесі және (немесе) (PhD) философия докторы /бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі бар, немесе «бейіні бойынша доктор», ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл болып табылатын:

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 15 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

- Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) JCR (ЖСР) деректері бойынша 1, 2, 3 квартильге кіретін немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші не Хирш индексі 2 және одан жоғары халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақаласы бар автор жүзеге асырады.

5.3.2 Ғылыми кеңесшілер докторанттардың оқу пәнін сақтауына, докторанттың жеке жұмыс жоспарын орындауға және диссертациялық жұмысты уақтылы ұсынуға жауапты.

5.3.3 Докторанттардың ғылыми кеңесшілері қабылданғаннан кейін екі ай ішінде, докторлық диссертациялардың тақырыптары – бірінші семестр ішінде бітіруші кафедралармен анықталады, ғылыми комитеттерде талқыланады, ғылыми кеңеспен келісіледі және ФКЖДжМБ басшысының ұсынуы бойынша ғылыми кеңесте бекітіледі. Докторант бірінші оқу жылында докторлық диссертация тақырыбына өзгерістер енгізуге құқылы.

5.3.4 Ғылыми кеңестің қарауы үшін докторанттардың ғылыми кеңесшілерінің кандидатураларын уақтылы ұсынуға докторанттар даярлайтын бітіруші кафедралардың менгерушілері жауапты болады.

5.3.5 Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

5.3.6 Докторанттың ғылыми кеңесшісін ауыстыру, ғылымдардың аралас салалары бойынша кеңесшілерді тағайындау және т.б. туралы шешімді «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесі бітіруші кафедра мен докторанттың ұсынысы бойынша қабылдайды.

5.3.7 Докторанттың ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері "дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) сәйкес ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда жарияланады.

#### **5.4 Докторанттардың жеке жұмыс жоспарларын бекіту.**

5.4.1 Докторант ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

5.4.2 "ОҚМА" АҚ докторанттың жеке жұмыс жоспарының құрылымын дербес айқындайды.

5.4.3 Докторанттар бірінші семестрде келесі бөлімдерді қамтитын жеке жұмыс жоспарларын әзірлейді және бекітеді:

- ЖОЖ;
- ГЭЖ жеке жоспары;
- тәжірибеден өту жоспары;

- негізdemесі мен құрылымы бар диссертация тақырыбы;
  - диссертацияны орындау жоспары;
  - ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары

5.4.4 Докторанттың ЖОЖ ББ білім беру компонентін менгеру үшін негіз болады. Докторанттың жеке білім беру траекториясы ЖОЖ-да көрсетіледі. Қажет болған жағдайда ЖОЖ жыл сайын жаңартылуы мүмкін.

5.4.5 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының жеке жоспары докторантуралық ББ-ын игерудің барлық кезеңіне жылдар бойынша бөле отырып жасалады. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының жеке жоспарына диссертациялық зерттеудің тақырыбы, зерттеу бағыты, есептіліктің мерзімдері мен нысаны көрсетіледі. Докторантура білім алушысының ғылыми - зерттеу жұмысының жоспарын Бірінші проректор бекітуі тиіс. Қажет болған жағдайда ғылыми-зерттеу жұмысының жеке жоспары жыл сайын нақтылануы мүмкін.

5.4.6 Докторанттың практикадан өту жоспары тәжірибелің кеңейтілген бағдарламасын, практика базасының сипаттамасын, өту мерзімдері мен есептілік нысанын қамтуы тиіс.

5.4.7 Докторанттың ғылыми жарияланымдарының жоспары шамамен жарияланатын тақырыптарды, жұмысты жариялау жоспарланған ғылыми басылымдардың атауларын және басылымдар бойынша жұмыстарды орындау мерзімдерін қамтуы керек.

5.4.8 Докторанттың ғылыми тағылымдама жоспарында мақсаттар мен міндеттер, тағылымдамадан өту базасының сипаттамасы, тағылымдамадан өту мерзімі және есеп беру нысандары көрсетілген егжей-тегжейлі тәжірибе бағдарламасы қамтылуды тиіс.

5.4.9 Жеке жоспарды докторант және оның ғылыми көзесшісі бірлесе жасайды, оны тиісті ББ бойынша ғылыми комитеттің төрағасы және ғылыми жұмыс, докторантура және магистратура секторының менгерушісі келіседі, Бірінші проректор қол қойған ғылыми көзес отырысында бекітеді.

5.4.10 Докторанттың ЖОЖ-ға енгізілген кредиттердің максималды саны сәйкесінше ағымдағы семестр және оқу жылы үшін ОЖЖ белгілеген кредиттер санына сәйкес келуі керек.

5.4.11 Докторанттар өздерінің ЖОЖ құрастыруына және ББ ОЖЖ талаптарына сәйкес оқу курсын толық менгеруіне жауапты болады.

5.4.12 Докторант ЖОЖ-ны ББ ОЖЖ шеңберінде және өзінің ғылыми кеңесшісінің келісімімен теориялық оқытудың келесі семестрінің басына дейін өзгертуге құқылы.

5.4.13 Докторанттардың оқу пәндерін жазғы семестр ішінде (бітіру курсын қоспағанда), ұзақтығы 6 аптаға дейін (бір аптада – 2 кредит) игеруіне рұқсат беріледі. Жазғы семестрді ұйымдастыру оқу жылы аяқталғаннан кейін жеке кесте бойынша ақылды негізде жүзеге асырылады:

<p>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы</p> <p>PhD докторантурға туралы ереже</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>E 334 - 2024</p> <p>3-ші басылым</p> <p>34 беттің 17 беті</p>
---	---	--

- қосымша оқыту мақсатында білім алушының бастамасы бойынша іс-шаралар;
- академиялық қарыздарды жою кезіндегі;
- оқу бағдарламаларындағы академиялық айырмашылықты жою кезінде;
- қорытынды бақылау нәтижелерін жақсарту үшін.

Жазғы семестр мерзімінде талап етілетін кредиттерді игеру үшін докторант жазғы семестр басталғанға дейін 3 қүннен кешіктірмей 12 кредиттен аспайтын мерзімге тіркелуі тиіс. Докторант академиялық демалыста болу себебінен туындаған академиялық берешекті жоюды қоспағанда, жазғы семестрде оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

5.4.14 Отандық және шетелдік білім беру және ғылыми ұйымдарда теориялық білім алу үшін кредиттерді аяқтаған докторанттарға «ОҚМА» АҚ ББ бекітілген оқу жоспарына сәйкес пәндер бойынша кредиттер есептелуі (аударылуы) мүмкін. Әрбір нақты жағдайда кредиттердің баламалылығы мәселесін ФКЖДжМБ қарайды, онда докторант пән бойынша қорытынды баға және жинақталған кредиттер саны көрсетілген транскрипт ұсынады.

5.4.15 Докторанттардың жеке жұмыс жоспарларының уақтылы бекітілуіне жауапкершілік докторанттарға, олардың ғылыми кеңесшілеріне және бітірушілер кафедраларының менгерушілеріне жүктеледі.

## 5.5 Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

5.5.1 Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлармен, қажетті зертханалық, ғылыми-зерттеу және/немесе ғылыми-әдістемелік базалармен қамтамасыз етілген бітіруші кафедраларда жүзеге асырылады. Пәнаралық сипаттағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар екі немесе одан да көп кафедралар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

ДФЗЖ көлемі ББ докторантурасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

5.5.2 Докторанттарды дайындастырын магистратура кафедралары жетекші шетелдік аккредиттелген оқу және ғылыми мекемелермен, ғылыми орталықтармен, халықаралық кәсіптік, қауымдастықтармен ғылыми-білім беру байланыстары болуы керек, бұл ғылыми-зерттеу және сараптамалық-практикалық қызмет үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда, алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибелі пайдалануға және білім алушыларға ғылыми кеңес беруге құзыретті шетелдік мамандарды тарту мүмкіндік береді.

5.5.3 ДФЗЖ бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бітіруші кафедралар докторанттар жүзеге асыратын диссертациялық зерттеулер тақырыбының кафедраның ғылыми-зерттеу қызметінің бағыттарына сәйкестігін

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторанттура және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 18 беті
PhD докторанттура туралы ереже	

қамтамасыз етуі және докторанттарды бітіруші кафедралар орындаитын ғылыми жобаларға қатысуға тартуы тиіс.

5.5.4 Докторанттардың ғылыми кеңесшілері докторанттың зерттеу жұмысын жүргізуге жәрдемдеседі (қажетті көздер мен ресурстарға қол жеткізуіді қамтамасыз етеді; диссертациялық зерттеуді орындау процесінде кеңес береді; докторанттар ұсынатын материалдар бойынша кері байланыс береді; қажет болған жағдайда докторанттардың зерттеу жұмысын бөгде білім және ғылым үйымдарында, оның ішінде белгілі әлемдік шетелдік орталықтарда жүргізуіді қамтамасыз етеді; жариялауға дайындыққа жәрдемдеседі, жүргізілген зерттеу нәтижелері; докторанттардың ББ игеру барысында туындаитын өзге де мәселелерді шешеді).

5.5.5 Докторанттың ғылыми кеңесшісі докторанттың аяқталған диссертациялық зерттеуіне объективті баға береді және диссертацияны көпшілік алдында қорғау рәсіміне дайындалуға көмек көрсетеді.

5.5.6 Докторанттардың ғылыми кеңесшілері бағдарламалардың сапасы мен нәтижелілігіне, сондай-ақ докторанттардың ғылыми тағылымдамалар, зерттеу және кәсіптік практикалар базаларын барабар іріктеуге жауапты болады.

5.5.7 Докторанттарды даярлауды жүзеге асыратын бітіруші кафедралар қолданбалы және іргелі зерттеулердің неғұрлым ірі бағдарламалары шенберінде докторанттардың зерттеу жұмысын үйымдастыруға және алынған нәтижелерді сынақтан өткізу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.8 Бітіруші кафедралар докторанттардың ғылыми қоғамдастық пен академиялық емес сектор өкілдері үшін өткізілетін ДФЗЖ нәтижелерін таныстыруын көздейтін тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-практикалық семинарлардың бағдарламаларын іске асыруы тиіс.

5.5.9 Бітіруші кафедралар докторанттардың зерттеу жұмысын қажетті зертханалық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуге және жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысын үздіксіз ағымдағы бақылауға жауапты болады.

5.5.10 ДФЗЖ-ды жоспарлау ББ ОЖЖ сәйкес семестрлер бойынша жүзеге асырылады. Әр академиялық кезеңнің соңында докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тиісті ББ бойынша ғылыми комитеттің отырысында презентация жасайды.

5.5.11 ДФЗЖ мыналарды қамтиды:

- 6 семестр бойы диссертация тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын орындау;

- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар дайындау;
- шетелдік ғылыми кеңесшінің ЖОО-да шетелдік ғылыми тағылымдамасын.

5.5.12 Докторлық диссертациялар жобаларының құрылымына қойылатын талаптар "ОҚМА" АҚ тиісті нормативтік құжаттарымен айқындалады.

<b>OÝTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантурा және магистратура басқармасы	Е 334 - 2024 3-ші басылым 34 беттің 19 беті
PhD докторантурұ туралы ереже	

Докторлық диссертациялар қорғауға дейін жазбаша жұмыстарды сілтемесіз пайдалануға тексеруден өтеді.

Докторлық диссертация мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы жүзеге асыратын басқа авторлардың мәтінін сілтемесіз пайдалану мәніне тексеруден өтеді.

5.5.13 ДФЗЖ шеңберінде инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін докторанттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда, оның ішінде шетелде тағылымдамадан міндettі түрде өту көзделеді.

5.5.14 Тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына, докторлық диссертация тақырыбына және шетелдік кеңесшінің жұмыс орнына сәйкес келеді.

